

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры  
Б. Н. Асылыққа

2023 жылы 5 сәуірде жарияланды

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Ендігі өзіңізге анық-қанығы белгілі болғандай, Петропавл қаласында (СҚО) болған, **СЕПАРАТИЗМ СИПАТЫНДАҒЫ** оғаш оқиға Қазақстандағы сепараттық-жікшілдік пиғылдың өте актуальды тақырып екенін тағы бір рет көрсетті. Мемлекетіміздің территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігіне қауіпті әлеуметтік элементтердің ауық-ауық бой көрсетуі «Жаңа Қазақстан» идеясына қарсы бағытталған және оған тікелей төнген қатердің бірегей белгісі деп бағалау керек.

Ел ішіне жік салу синдромы қоғамның қатты алаңдаушылығы мен зығырданын туғызып отырғанын баса айту керек. Сіз бен біз қоғамға жарқышақ салуға ұмтылған бұл мемлекеттік қаскүнемдікке қызмет бабымен ғана емес, азаматтық жауапкершілік пен перзенттік парыз тұрғысында қатты алаңдаушылық білдіруіміз керек.

Иә, ел Конституциясы мен тиісті мемлекеттік заңдар кез келген **СЕПАРАТИЗМГЕ** қарсы тұра алады. Бірақ елдің тұтастығы мен халықтық мүдденің қасиетін қорғайтын «**ҰЛТТЫҚ НАМЫС**» деп аталатын тағы бір құдыретті күш бар.

Осыған байланысты, Сізге депутаттық сауал жолдауымның ендігі мәні: біздің ұлы құндылығымыз – елдің ұлттық намысын қорғау жолында әртүрлі себептермен сотты болған азаматтарға байланысты болмақ.

**МАРҒҰЛАН БОРАНБАЕВ** әлеуметтік желіде ұлттық намысты қорғау сипатындағы жазбалары үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 174 және 179-бабы («Ұлтаралық алауыздықты қоздыру» және «Конституциялық құрылысты күшпен өзгерту») бойынша, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының шешімімен 2022 жылғы наурызда 5 жылға сотталды.

**ДАНАТ НАМАЗБАЕВ** Фейсбук желісіндегі жазбалары үшін, «ұлттаралық алауыздықты қоздырды» деген айыппен – ол да бес жылға сотталды. Анығында, бұл азаматтар «ұлттаралық араздықтан» бұрын, **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ** намысын жыртып, ұлттық мүддені қорғап, әлеуметтік желілердегі сепаратистік көзқарастарға қарсы шыққаны үшін сотты болды. Осы да әділеттілік пе, президент Қ. Ж. Тоқаев мырза мұрындық болған «Әділетті Қазақстанның» мұраты осы ма еді?!

Мен әділетсіз сотты бұл азаматтарды интернеттің виртуалды әлемінде Қазақстанның ұлттық мүддесіне араша түсіп жүрген намысқой жігіттер ретінде білетін едім. Бұл екеуіне қатысты тергеу ісінен бастап, кейіннен өткен бірнеше сот отырысына журналист ретінде қатыстым, бұл азаматтарды соттауға желеу болған «алауыздықты қоздыру» сараптамасын оқыдым.

Сондағы көзім жеткен жағдай – әлеуметтік желілер арқылы қазақтың ұлттық намысын қорғау жолында тәуекелге барған бұл жігіттерге өрескел **ҚИЯНАТ** жасалды. Бәлкім, сол кездері Қазақстанның төңірегінде қоюланған геосаяси жағдайдың «мұртын басу» үшін, халықаралық саясаттың талабымен сондай шектеу әрекеттері жасалуы керек болған шығар.

Бірақ, көршілес елдердің саяси елірмелері Қазақстанға, оның территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігіне күмән келтіріп, аузына келгенін айтып және жазып жатқан алауыздық пікірлермен салыстырғанда, Марғұлан Боранбаев пен Данат Намазбаевтың әлемжелідегі әрекеті баланың ойыны болып қалды. Оларға қатысты жасалған қиянат пен әділетсіздік осы салыстырудан туындайды. Бір ел неге өзінің сыңарезу саясатшыларына тыйым салмайды, біздің ел неге өзінің елдік мүддесі мен халықтық намысын қорғаған азаматтарын соттайды?

Қазақстанның тұтастығы мен тәуелсіздігіне күмән келтіріп, ешбір тарихи негізсіз халықаралық алауыздықтың көрігін қыздырған жекелеген ресейлік депутаттар мен тележурналистер «орыс патриоттары» болып саналса, өз халқының намысын жыртып, сол үшін тағдырлары тәлкекке түсіп, сотты болған Марғұлан мен Данат неге қазақ халқының патриоттары бола алмайды?

Қазақ халқы мен Қазақстан мемлекеттігінің бірлігіне қарсы жарты әлемге жар салған көрші елдің «ұраншылары» қылмыстық сотқа тартылмақ түгілі, өз билігі мен тиісті органдары тарапынан әкімшілік тұрғыда ескерту де алған жоқ. Ал ел намысы үшін әлеуметтік желіде пікір айтқан біздің екі жігіт неге сотты болады?

Бұған дейін Қазақстанда болып келген сепаратизм синдромын және Петропавл қаласында болған соңғы жікшілденуге ұрандаған жағдайды ескере отырып, Марғұлан Боранбаев пен Данат Намазбаевқа қатысты шыққан **үкімді қайтадан қарайтын уақыт та, саяси себеп те, ұлттық қауіпсіздік мұқтажы да туды деп есептеймін!**

Құрметті, Бас прокурор мырза!

Ұлттың қауіпсіздігі мен оның болашағы алдында сіздің жауапкершілігіңіз лауазымдық қызмет шеңберімен ғана шектелмейді деп білем. Сіздің құзыретті қызметтегі сөзіңіз бен ісіңізден ел алдындағы азаматтық жауапкершілігіңіз мол екенін журналист ретінде аңдап жүрмін.

Ал мен өзімнің депутаттық сауалымда атын атаған Марғұлан мен Данат – Сіздің осы азаматтық сезіміңізге серіктес жігіттер. Олар президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаның «Жаңа Қазақстан» идеясына қызмет етуге күш-қарымы кең-молынан жететін ел патриоттары. Мұндай табанды жігіттер түрмеде отырмауы керек, олар әділетті Қазақстанның жаршысы болуы тиіс және «Жаңа Қазақстан» идеологиясына қоғамды жұмылдыра алатын публицистік пәрмені мол жігіттер!

Сіздің есіңізге салайын: Халықаралық құқыққорғаушы ұйымдар М.Боранбаев пен Д.Намазбаевты «саяси тұтқындар» тізіміне енгізген. Демек, бұл жағдай Қазақстанның халықаралық имиджіне де кері әсерін тигізіп, ел президенті Қ.К. Тоқаев мырзаның әлемдегі дамыған демократиялық елдер басшылығымен ресми кездесулері кезінде үнемі алдынан шығатын келеңсіз тақырыпқа айналуда. Бұл бізге керек пе?

Құрметті, Берік Ноғайұлы!

Сөз соңында Сізден сұраймын:

Өзіңіздің Бас прокурорлық құзыретіңізді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотынан елінің ұлттық мүддесін қорғау жолында сотты болған намысты жігіттер Марғұлан Боранбаев пен Данат Намазбаевқа қатысты қылмыстық істердің **ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ** (*вновь открывшиеся обстоятельства*) қайта қаралып, әлеуметтік әділеттіліктің орнауына **ЫҚПАЛ ЕТУІҢІЗДІ** сұраймын.

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**Е. Бапи  
Р. Зайтов  
Қ. Иса  
А.Құспан**

орынд.: А.Ауталипова

тел.: 74-60-51

**Результаты согласования**

06.04.2023 12:10:43: Құспан А. Т. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний

06.04.2023 12:13:12: Зайтов Р. Р. (Комитет по социально-культурному развитию) - - согласовано без замечаний

06.04.2023 12:13:29: Иса Қ. Ж. (Комитет по социально-культурному развитию) - - согласовано без замечаний